

БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

Арт терапиясының маңызы

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.05.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/75141/>

Бала балабақшаның жүрегі. Балалардың жан дүниесі, қабылдауы әр түрлі. Оның барлығы балалардың жеке даму психологиясын айқындап, көрсетеді. Баланың шығармашылық қабілетін, даму деңгейін, құштарлығын, белсенділігін анықтаудың жолдары өте көп. Қазіргі таңда кеңінен тараған психитерапияның бір саласы ол – «Арт терапиясы».

Арт терапия – термині «өнермен емдеу» деген мағынаны білдіреді. Оны ең алғаш қолданысқа енгізген Адриан Хилл болды. Бұл терапия баланың тек шығармашылық қабілетін дамыту ғана емес, сонымен қатар баланың бойындағы барлық ресурстарының мүмкіндігін ашуға жағдай жасау. Арт терапия – баланың жан дүниесіне шығармашылық жұмыстар арқылы әсер етуді білдіреді.

Арт терапияның көптеген бағыттары бар. Олар: музыкатерапия, сурет терапиясы, битерапия, кинотерапия, драмтерапия, библиотерапия, куколтерапия. Бұл бағыттар жеке дара әдістеме ретінде де және көмекші әдістеме ретінде де қолдана береді.

Арт терапияны көбінесе бала эмоционалды күйзеліске түскенде, басқа балалармен немесе бөгде адамдармен қарым-қатынаста қиналатындарға, өз өзіне сенімсіз, ұялшақ балаларға қолданған жөн. Бұл терапия баланың өзінің шығармалары (сурет, мүсін, картина, ән) арқылы жүзеге асады.

Бала өзінің ішкі сезімін сөзбен ғана емес, сонымен қолға қылқалам немесе карандаш алып сурет салу арқылы білдіре алады. Бала сурет салу арқылы өзінің ішкі жан дүниесін, көңіл-күйін білдіреді. Егер де бала бір нәрсеге ашулы, масасыз, көңіл-күйі жоқ болып сурет сала бастаса, оның бойында тек жағымсыз эмоциялар басым болып, бала үрейлене бастайды. Түстерді таңдауы да көп нәрсені білдіреді. Мысалы: қызыл түс – ашулы, қара, – көңіл күйінің жоқтығы, сұр – мазасыздығын білдіреді. Кейбір жеке түстер баланың жеке ішкі сезім күйін, мысалы: сары мен қызыл көтеріңкі көңіл күйді, жасыл – тыныштықты, сабырлықты білдіреді. Сурет салу кезінде баланың көңіл-күйін көтеруге, қуаныш сезімдерін оятуға болады. Арт терапия арқылы баланың бойындағы қабілетті ашып, шағдауға болады. Ал шығармашылық қабілеттер баланың қиял байлығымен, ой өрісімен, айналаға деген көзқарасымен өзінің ішкі жан дүниесін көрсетуін сипаттайды. Демек бала шығармашылығын дамытуда арт терапиялық әдістемелерді қолдану

маңызды.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.